



GTAMP 06.73.55

Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2789-4320-2025-3-330-348>

Банк секторын тәуекелге бағытталған реттеу мен қадағалауды жетілдірудің мәселелері мен басымдықтары

П.Н. Бузаубаева*¹, Г.К. Кантороева², К.К. Рахимжанова³

^{1,3} Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

² К.Ш. Токтомаматов атындағы Халықаралық университеті, Бишкек, Қырғызстан

(*E-mail: ¹Perizat.bn@gmail.com, ²kalamkas.rakhimzhanova@mail.ru, ³gulzat.tashkulova@mail.ru)

Андатпа. Банк жүйесінің даму қарқыны кез-келген мемлекет үшін маңызды болып табылады. Себебі қазіргі күнгі банктер ол экономика-ны қаржыландырудың бастамашыл драйверлері сынды. Өз кезегінде банктердің қаржылық тұрақсыздығы немесе дәрменсіздігі ол тұтастай сол мемлекеттің банк жүйесінің тұрақсыздығына және тұтынушылардың банк секторына деген сенімсіздігіне алып келеді. Сол себепті банк секторының қаржылық тұрақтылығы мен тұтынушылардың нарыққа деген сенімін жоғалтпау үшін банк саласын уәкілетті орган тарапынан тәуекелділігі жоғары екінші деңгейлі банктерді үздіксіз анықтап, алдын-алу шараларының іске асырылуы өз кезегінде тәуекелге бағытталған реттеу және қадағалау шаралары арқылы іске асырылуда. Аталмыш мақалада авторлар Қазақстан Республикасындағы екінші деңгейлі банктерді тәуекелге бағытталған реттеу мен қадағалау барысында туындап отырған мәселелерді анықтап, әр түрлі мемлекеттерде банктерді реттеу және қадағалау барысында аудиторлық ұйымдардың есептіліктерін қолдану тәжірибесі, қадағалаушы органдар мен аудиторлық ұйымдардың әрекеттесуі сияқты үрдістер қарастырылып, отандық тәжірибеде ескеруге болатын тұстары назарға алынып, тәуекелге бағытталған реттеу мен қадағалауды жетілдіруге қатысты ұсыныстар келтірілді. Талдау негізіндегі авторлардың ұсыныстары отандық қадағалаушы органның ЕДБ-ді қадағалау барысында тиісті шараларды қабылдауға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер. Тәуекелге бағытталған реттеу мен қадағалау, банк жүйесі, екінші деңгейлі банктер, сыртқы аудиторлық ұйымдар, қадағалау органдары, тексеру шеңбері, уәжді пайымдау.

Received 19.09.2024. Revised 02.12.2024. Accepted 21.05.2025. Available online 30.09.2025

Кіріспе

Банктер кез-келген мемлекет үшін ерекше қаржы ұйымы болып табылады. Оның ерекшелігі экономикадағы, қаржы нарығындағы ақша қаражаттарын бір орталыққа шоғырландыру арқылы тұтастай экономиканың қажеттілігін ескере отырып, сондай-ақ өзінің де мақсаттарын көздей отырып, жинақталған қаржы көздерін активті операциясы арқылы орналастыратын қаржы ұйымы ретінде таңылған. Дегенімен әр мемлекеттің мемлекеттік емес секторларын қаржыландыру үлгісі әр түрлі болып келеді мәселен, отандық нарықта шаруашылық субъектілерді және үй шаруашылығын қаржыландыру үлгісі банктерге тиесілі. Яғни байқағанымыздай банк секторының қаржылық тұрақтылығы мен орнықтылығы тұтастай ел экономикасы үшін маңызды. Ал өз кезегінде банк секторының қаржылық орнықтылығын қадағалау мен реттеу барысында уәкілетті органның қандай әдістерді қолдануы мен қадағалау барысындағы озық тәжірибелерді отандық нарықта бейімдеуі маңызды.

Аталмыш тақырыптың өзектілігін келесімен негіздеуге болады: бүгінгі күнде Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің банк секторын тәуекелге бағытталған реттеу мен қадағалау барысындағы банктердің тәуекел профильдерін, активтерін бағалау, стресс-тестілеу және ЕДБ-ді акционерлер тарапынан капиталдандыруға қатысты біршама түсінбеушіліктердің болғанын ескере келел, қадағалау барысындағы өзге ұйымдардың (сыртқы аудиторлық ұйымдар) қызметін заң жүзінде уәкілетті органның қызметімен ұштастыру қадағалау үрдісін біршама жеңілдетер еді деген ойдамыз.

ЕДБ-ді тәуекелге бағытталған реттеу мен қадағалаудағы мәселелердің маңызды болуына қарамастан, аталмыш тақырып отандық нарықта зерттелмеген. Аталмыш мақаланың мақсаты банк секторын тәуекелге бағытталған реттеу мен қадағалаудағы өзге ұйымдардың әрекеттесуін қарастыра отырып, оған байланысты туындап отырған мәселелерді саралап, отандық банк саласын қадағалауда шетелдік қадағалаушы ұйымдардың озық тәжірибелерін ұсыну.

Әдеби шолу

Банктік қадағалау органдары мен аудиторлық ұйымдардың өзара әрекеттесуі жайлы пікір білдірген ғалымдар Маргацкая Г.С., Селезнева И.В., Маргацкий Р.В., Мухамедьярова – Левина Т.Т. сынды авторлар өздерінің ғылыми зерттеулерінде ЕБД-дің тәуекел тәбеттері, тәуекел мәдениеті және тәуекелдерді анықтау және бағалау тетіктеріндегі мәселелер жайлы сөз қозғаса [1], Ким С. «Банктік қадағалау – Базель III және оның банктің басқару жүйесіне және тәуекел менеджмент жүйесін» қарастырды [2]. Кунаев А. аудиторлардың банктің тәуекелін басқарудағы әсерін қарастырса, Тимур Б. Қазақстанның қаржы ұйымдарындағы ішкі аудит пен тәуекелді басқару барысындағы арақатынастарын қарастырған. Сондай-ақ, Челекбай А.Д., Абжалелова Ш.Р. «Қазақстан экономикасын цифрландыру жағдайында банк секторын жаңғырту» атты мақалада авторлар «Мегорегулятор ресми бақылау мен қадағалаудан тәуекелге бағдарланған қадағалауға көшуі тиіс», – деп атап өткен [3]. Ал Тюлюпов Е., Улаков Н., Аубакирова А. сынды авторлар өз

зерттеулерінде тәуекелге бағытталған қадағалау барысында қадағалау органдарының міндеті жоғары тәуекелді қызметті жүзеге асыруға тыйым салу емесе, керісінше, несиелік және қаржылық институттардың тәуекелдерді азайтудың тиісті және тиімді стратегияларын қолданатынына толық сенімді болу», – деп атап өткен болатын [4].

ТМД мемлекеттерінің ішінде ресейлік ғалым С.Е. Дубованның «Развитие риск-ориент-тированных подходов в банковском регулировании и надзоре» атты монографиясында банк саласын тәуекелге бағытталған реттеу мен қадағалаудың қағидаттары мен әдістемелері зерттелген. Зерттеудің тақырыпнамасы несиелік ұйымдардағы мәселелерді ертерек анықтау, қаржы-несиелік ұйымдармен арақатынас және банктердің экономикалық әлеуетінің тұрақтылығын бағалау жайлы ой қозғалған [5].

Ал шетелдік ғалымдардың ішінде Dewing I, Russell P. Өз еңбектерінде «Швейцарияның дуальді банктік қадағалау жүйесі банктің қадағалаудың көп деңгейлі әдісімен ерекшеленетінін және аудиторлық ұйымдардың қадағалаудағы тәуелсіздігі мен құзыреттілігін қамтамасыз ету басты назарда болатындығын, сондай-ақ ұлттық және халықаралық деңгейде көп деңгейлі реттеушілік тәсілмен қолдану көрсетіледі», – деп атап өткен болатын [6]. Сондай –ақ Оji M. банктік реттеу мен қадағалау барысында сыртқы аудит маңызды рөл атқарады, ол қадағалаудың қашықтықтан және инспекциялық әдістерін қоса отырып, тиімді жүйені қалыптастырады делінген [7]. Balakrishnan K., George E., Ertan A., Scobie H. сынды ғалымдар өз еңбектерінде «Банктік реттеу барысында міндетті аудиторлық тексеріс кезіндегі қорытынды есеп банктік тәуекелдерді төмендетеді және қадағалау мен бақылау қызметін жақсартады, нарықтық тәртіпті арттырады», – делінген [8]. Singh D. «Сыртқы аудиторлардың жұмысы банктерді тиімді қадағалауға ықпал етеді, бірақ Ұлыбританияда қадағалаудың жиілігін кординациялау үшін реттеуші мен аудиторлық ұйымдар арасындағы уәжді пайымдауды жақсарту қажет», – деп атап өтілген [9].

Сондай-ақ халықаралық қаржы ұйымдары мен зерттеу топтары да аталмыш тақырыптың маңайында зерттеулер жүргізуде. Мәселен, ішкі аудит институты (The Institute of Internal Auditors) тәуекелдерді басқарудағы ішкі аудиттің рөлін зерттей отырып, тәуекелге бағытталған реттеудің аудиторлық бақылаумен әрекеттесу сұрақтарын да қамтыған.

Зерттеу әдістері

Зерттеу барысында қолданыстағы бірқатар ғылыми әдістер қолданыс тапты. Тақырыпты зерттеу барысында отандық және шетелдік басылымдардың есептіліктері мен статистикалық деректері талданып, өңделу барысында зерттеудің теориялық және эмпирикалық әдістері қолданылды, сондай-ақ теориялық зерттеу, бағалау, салыстырмалы талдау, жалпылау және графикалық талдау жүргізілді.

Тақырыпты зерттеу барысында банк секторын қадағалау кезінде сыртқы аудиторлық ұйымдардың қадағалау үрдісіне ат салысу мәселесі бойынша отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне сипаттау, түсіндіру және жіктеу әдістерінің көмегімен шолу жасалды. Сонымен қатар мемлекеттер кескінінде өзге мемлекеттердің тәжірибесінде

қағалаушы органдардың сыртқы аудиторлармен ынтымақтастығы салыстырмалы түрде талданып, өңделді.

Нәтижелер мен талқылау

2008 жылғы қаржы дағдарысынан кейін дүниежүзі бойынша банк секторында тәуекелдерді басқару мен банк қызметін қадағалау және міндетті аудиторлық тексерулердің жүргізілуінде кемшіліктердің бар екенін аңғартты. Бұл Базель стандартындағы нарықтық тәртіпті (рыночная дисциплина) сақтауға негізгі үлес қосатын банктік қадағалау органдары мен сыртқы аудиторлардың өзара әрекеттесу рөлін және бақылауды күшейту қажет екенін білдіреді. Осы тұста аудиторлық ұйымдар ЕБД-ге қатысты ақпараттардың ашықтығы мен дұрыстығын қамтамасыз етсе, қадағалаушы органдар тұтынушылардың банк секторына деген сенімділігін қамтамасыз етеді. Яғни, қадағалаушы органдар да, аудиторлар да нарық тұтынушыларына негізделген шешімдер қабылдауға және қаржылық тұрақтылыққа ықпал етуге мүмкіндік береді.

Сол себептен отандық банк секторында қадағалаушы органның қадағалау және реттеу тетігінің тиімділігін арттыру үшін аудиторлық ұйымдардың қызметі қадағалаушы органмен ұштастыру қажет деген пікірдеміз.

«Banking Supervisors and External Auditors: Building a Constructive Relationship» атты нұсқаулықта Еуропа мен Орта Азияның 35 қадағалау органдарының озық тәжірибесі аталып, банктік қадағалаушы органдар мен аудиторлық ұйымдар арасындағы қарым-қатынасты жақсарту бойынша ұсыныстар жинақталған [10]. Оның негізгі мақсаты – банк секторын қадағалаушы органдары мен аудиторлық ұйымдардың арасындағы қарым-қатынасын нәтижелі етуге және аудит пен қадағалау тәжірибесін жетілдіруге ықпал ететін саясат әзірлеумен байланысты. Аталмыш нұсқаулықта сондай-ақ банктердің сыртқы аудиттері бойынша 2014 жылғы Базель Банктік қадағалау комитетінің және Еуропалық Банк Басқармасының 2016 жылғы аудиторлық ұйымдардың уәкілетті органдармен өзара әрекеттесуі бойынша ұсыныстары ескерілген.

Қадағалаушы орган қызметкерлері мен тәуелсіз аудиторлар бір-бірін толықтыратын дағдылар мен білімдерге ие. Сыртқы аудиторлар қадағалаушы органдардың өтініші бойынша қосымша жұмыстарды орындай отырып, бірқатар жүйелердің сенімділігін дәлелді немесе шектеулі растауды ұсыну арқылы қадағалау процесіне қатыса алады, соның ішінде: ішкі бақылау жүйелері, IT жүйелері, тәуекелді басқару жүйелері немесе пруденциалдық талаптарды сақтау туралы есептіліктер.

Сыртқы аудиторлардың қадағалау органдарына ұсынатын есептіліктері қадағалау рәсімдерін нығайтуға ықпалын тигізеді деген ойдамыз. Мысалы, қадағалаушы органдар көп жағдайда пруденциалдық нормалардың сақталуы туралы есептілікке және егер ол есептілік аудиторлық ұйым тарапынан қаржылық есептіліктері расталған болса, онда оған көбірек сенім білдіреді.

Дегенімен, аудиторлық есептің нәтижелері туралы ақпарат банктерді жүйелі тексеру үрдісінде әрқашан талданбайды және уәкілетті қадағалаушы орган сыртқы аудиттің жүргізілуіне қатысты және оның нені қамтитыны, қалай қолдануға болатыны

туралы білмеуі ықтимал. Еуропа мен Орта Азия аумағының әртүрлі мемлекеттерінде аудиторлардың жұмысына, олардың қадағалау үрдісіне қосқан үлесін және олардың ұсынатын жүйелерінің сенімділігін растау туралы әртүрлі тәсілдер байқалады.

Мәселен, Ұлыбританияда пруденциалдық қадағалау органы (PRA) аудиторлар мен қадағалаушы орган арасындағы өзара әрекеттесу мәселелері бойынша қадағалаушы қызметкерлерді бірлесіп дайындауды жүйелі түрде ұйымдастырады, аудиторлардың жұмыс мәселелері және оның ашықтығы мен пәндік диалогты ынталандыруға баса назар аударылады. Еуропаның көптеген елдерінде қадағалау органдары аудиторлық ұйымдарға аудиторлық тексерістен тыс қосымша тексеріс бойынша тапсырмалар орындауға өтініш бере алады.

Люксембургте Каржы секторын қадағалау жөніндегі Комиссия аудиторлар үшін сыртқы аудитті жүргізуге қатысты техникалық тапсырмаларын, есептіліктердің мазмұны мен жазбаша түсініктемелерге қатысты ережелерді бекіте алады.

Ал Кипрде, Орталық банк сыртқы аудиторларға аудиторлық тексеріс жүргізу барысында белгілі проблемалық бағыттарды тереңірек және көп көңіл бөлуге шақырады. Ирландияда 2013 жылғы Орталық банк туралы заңда уәкілетті органға сыртқы аудиторларға келесілерді: банктің әкімшілік процедуралар немесе бухгалтерлік есеп рәсімдерін, банктің ішкі бақылау тетіктерін, тәуекелдерді басқаруын, банктің ұйымдық құрылым, корпоративтік басқару жүйесінің сенімді екенің анықтауға мүмкіндік беретін ереже енгізілген.

Қазіргі кезде қадағалау органдары сыртқы аудиторлардан аудит қорытындысы бойынша егжей-тегжейлі есепті талап ететін мемлекеттер өте аз. Мәселен, Қазақстан Республикасында банк секторын қадағалаушы орган ЕДБ-дің қаржылық есептілігін қашықтықтан немесе инспекциялық тексеру барысында аудиторлық ұйымның қорытынды есептерін мүлде ескермейді және екі ұйымның әрекеттестігі туралы ереже немесе ешқандай заңмен расталмаған.

Австрияда, Австрияның «Банктер және банк қызметі туралы» Заңына сай аудиторлар банктердің қаржылық есептілігін ғана емес сонымен қатар қосымша пруденциалдық нормаларға сай келуін де тексеруге міндетті. Аудиторлық ұйым банктердің көлеміне, әр түрлі бағыттарына қарай ішкі бақылау жүйесіне яғни, қаражаттарды, өтімділікті, тәуекелдердің түрлерін, ақшаны жылыстатуға қарсы заңның және комплаенс ережесін тексереді.

Германияда аудиторлық ұйымдар банктерді тексерген бетте аудиторлық қорытынды есебін Бақылау кеңесіне (уәкілетте органға) есеп беруге міндетті. Аудиторлық ұйымдардың бұл есебі көпшіліктің назарына ұсынылмайды, тек қадағалаушы орган мен банк басшылығының жұмысына бақылау жүргізу құралы ретінде қолданылады. Германияда аудиторлық ұйымдар банктерді тексеру барысында аудиторлардың қорытындысында келесідей мәліметтер болуы керек:

1) Жалпы тұжырымдар:

– банктің жалпы жағдайы және қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз ету мүмкіндігін бағалауға қатысты (аудиторлар расталған есептілік құжаттары мен басқару есебі негізінде);

– банктің келешекте дамуы мен өмір сүруіне әсер ететін фактілер мен елеулі тәуекелдер;

– банк өкілдерінің немесе қызметкерлерінің жарғыдан немесе ережеден ауытқуы немесе бұзуы;

2) Сыртқы аудиттің негізі:

– сыртқы аудиттің сипаты, тақырыптық аясы және қамтылуы;

– банкте қолданылатын бухгалтерлік есеп және аудит стандарттары;

– сыртқы аудитордың тәуелсіздігін растау.

3) бухгалтерлік есеп саясатына қатысты шешімдер;

4) Тәуекелді басқару және ішкі бақылау:

– банктің басқару органы тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесін сенімді деңгейде құрғандығы қарастырылады.


Австрияда аудиторлық ұйым банкте аудиторлық тексеру барысында банктің төлем қабілетсіз екендігі немесе заңнамаларды бұзғандығы анықталса, міндетті түрде қадағалаушы органға хабарлауы тиіс. Ал Чехияда аудиторлық ұйымдар Ұлттық Банкке банктердің қызметін реттейтін кез-келген заңнамалардың бұзылу фактісі және аталмыш банктің экономика үшін елеулі теріс салдары болуы мүмкіндігі туралы жазбаша түрде хабарлауға міндетті. Сондай-ақ, Македонияда аудиторлық ұйым банктерді тексеру барысында банктің төлем қабілеттілігі мен өтімділігіне қатысты қауіп төнгені анықталса немесе заңнамаларға қайшы қызмет атқарғандығы белгілі болса Қадағалау Басқармасына дереу жазбаша түрде хабардар етуге міндетті. Бұл талап банкпен тығыз байланысы бар заңды тұлғаларға да қатысты. Ирландияда 2013 жылғы Орталық Банк (қадағалау және құқықтық қолдау) туралы заңда Орталық Банкті белгілі бір мәселелер туралы хабардар ету барысында аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін шектеулі екендігі қарастырылған.

Еуропа аумағының көптеген мемлекеттерінде сыртқы аудиторлар аудит барысында анықталған кемшіліктерді (қате, ішкі бақылаудың әлсіздігі) аудиторлық есептің қорытындысында ашуға міндетті.

Келесі кезекте соңғы жылдары Еуропа мен Орта Азияның қадағалаушы органдарының қадағалау үрдісіндегі біршама мәселелерге қатысты сұрақтар бойынша сауалнамаға қатысқан болатын және нәтижелерін төмендегі суреттерден байқауға болады.

Жалпы Еуропа мен Орта Азия мемлекеттерінде респонденттердің жауабы бойынша аудиторлық ұйымдардың есептері банктерді қадағалау барысында қадағалаушы орган тарапынан ашылуды заңды деп санайтындардың үлесі 83%-ды құраса, мұны әдеттегі тәжірибе деп есептейтіндердің үлесі 14%-ды құрауда. Алайда, отандық тәжірибеде аудиторлық ұйымдар банктерді аудиторлық тексеруден кейін қорытынды есебін қадағалаушы органға ашуға, банк қызметіндегі қандай да бір тәуекелдің болуы туралы ақпаратты тапсыруға заңмен міндеттелмеген.

Ал қадағалаушы органдардың аудиторлық ұйымдар есептілігіне қолжетімділігі қандай екендігін төмендегі суреттен байқап көрелік.



Сурет 2 2019-2024 жж. Еуропа мен Орта Азия мемлекеттерінде аудиторлардың қорытынды есебіне қадағалаушы органдардың қолжетімділігі

Ескерту [10] дереккөз бойынша автормен құрастырылған

Жоғарыдағы суреттен байқағанымыздай респонденттердің 2019-2024 жылдары 43%-45%-ы аудиторлардың қорытынды есебін қолдану заңды деп таңыса, 29%-25%-ы керісінше жоқ деген ойда, 17%-16%-ы кейде қолдануға болады деген пікірде және 11%-14%-ы аудиторлардың қорытынды есебін қолдану әдеттегі тәжірибе деген пікірде.

Сондай-ақ, әлемдік тәжірибеде қадағалаушы органдардың аудиторлық ұйымдардың ақпараттарына қолжетімділігі төмендегі суретте бейнеленген.




Сурет 3 2019-2024 жж. Әлемдік тәжірибеде қадағалаушы органдардың аудиторлық ұйымдардың ақпараттарына қолжетімділігі

Ескерту [10] дереккөз бойынша автормен құрастырылған

Аудиторлық ұйымның ақпараттарына қолжетімділігі бойынша 2019-2024 жылдары респонденттердің 96%-97%-на дейін аудиторлардың қорытынды есебіне, 2%-1%-ы басшылыққа жолданатын хатқа, 1%-ы комитеттің аудит туралы есебіне және 1% өзге де аудиторлық ақпараттарға қол жетімді деген пікірде.

Банктерді жүйелі түрде тексеру шеңберінде қадағалаушы орган аудиторлардың ақпаратын тексеретіндігін төмендегі суреттен байқап көрелік.



Сурет 4 2019-2024 жж. Еуропа мемлекеттерінде банктерді тексеру шеңберінде қадағалаушы орган аудиторлық ұйымдардың ақпараттарын тексере ме?

Ескерту [10] дереккөз бойынша автормен құрастырылған

«Банктерді жүйелі түрде тексеру барысында қадағалаушы орган тарапынан аудиторлардың ақпараттарын тексеріледі ме?» деген сауалға 2019-2024 жылдары респонденттердің 50%-53%-ға дейін жоқ деп жауап берсе, 19%-21%-ға дейін бұл заң талабы деп жауап берген және 23%-21%-ға дейін ия, бұл қарапайым талап деп жауап берді. Ал ҚР-да ЕДБ-ге аудиторлық тексерген соң уәкілетті орган аудиторлық ұйымдардың ақпараттарын тексермейді, алайда бұл тәжірибені келешекте отандық нарыққа енгізу қажет.

Жалпы жоғарыдағы ақпараттарды қорытындылай келе қадағалаушы орган басшыларының 33%-ы сыртқы аудиторлық ұйымдардың мүмкіншілігін өздерінің қызметімен салыстыруға болады деп ойлайды, ал 13%-ы салыстыра алмайды, себебі олар қадағалау қызметіне мүлде қатысып көрмеген және сыртқы аудиторлардың мүмкіншілігі объективті түрде бағалай алмайды деген ойда. Сондай-ақ респонденттердің қалған 54%-ы қадағалаушы органдар мен аудиторларлық ұйымдардың мүмкіншіліктерінде біршама айырмашылықтар бар екенін атап өтті.

Мәселен Нидерландыда банк саласын қадағалау кезінде үш жақты диалог орын алады, ол диалогта банктердің ішкі аудит бөлімі немесе банк басшысы, сыртқы аудитор және қадағалаушы органы қатыса отырып, банктің тәуекел аумағын зерделеу тәжірибеге енгізілді. Ал Италияда банктер мен қадағалаушы органдардың арасындағы қадағалауға қатысты ақпараттармен алмасу ұлттық заңнамамен тыйым салынған.

Нидерланды Ұлттық Банкінің пайымы бойынша бухгалтерлік есеп пен пруденциалдық қадағалау саласындағы дағдыларды дамытуға қабілетті қызметкерлерді табу қиындық

тудырады деген пікірде. Жалпы барлық қадағалаушы органдар сыртқы аудиторлардың өзінің мемлекетінде банктерді аудиторлық тексеруді іске асыру дағдылар жиынтығына ие екендігімен келіседі. Сыртқы аудиторлар әдетте ХҚЕС / АХС-ы сұрақтары жөніндегі сарапшылар ретінде санайды.

Сондай-ақ қазіргі таңда дүниежүзі бойынша қадағалаушы органдар банктерді қадағалау барысында кәсіби уәжді пайымдауды қолданады. Әдетте Батыс Еуропа мемлекеттерінің басым бөлігінде уәжді пайымдау үшін аудиторлардың қызметіне жүгінеді. Қадағалаушы органдардың 69%-ы банктерді кәсіби пайымдау барысындағы сыртқы аудиторлардың қызметіне қанағаттанады және 29%-ы кей жағдайларда қанағаттанбаған, себебі:

1) Қадағалаушы орган аудиторлық ұйымның қорытындысымен келіспейді (келіспеушілік ретінде қаржы активтерін тану және бағалауына, оның ішінде несиелер мен дебиторлық берешекке қатысты және банктер қызметінің үздіксіздігіне қатысты аудиторлардың пікірі);


2) Банк басшылығы аудиторлық ұйымның пайымына тым көп әсер етеді;

3) IT аудит және бағалау салаларын жетілдіру қажет.

Еуропа мемлекеттеріндегі сынды Қазақстан Республикасында да банк саласын қадағалаушы орган уәжді пайымдауды қолданады.

Жалпы көптеген қадағалаушы органдар қадағалау үрдісінде аудиторлық ұйымдардың қорытынды есептерін және өзге де ақпараттарын қолдануды жөн көрсе (Молдова Ұлттық Банкі банктерді реттеу және қадағалау барысында аудиторлық ұйымдардың қызметіне жүгінеді және олардың қызметін бағалайды), кейбіреулері ондай тәжірибені іске асыру тиімсіз деп ойлайды. Мәселен, Сербияның Ұлттық Банкі аудиторлық ұйымдардың кәсіби пікірлеріне де, басшыларымен ағымдағы проблемалық сұрақтарға қатысты қарым-қатынасына да қанағаттанбайды.

Келесі кезекте банк қадағалаушылары мен сыртқы аудиторлар қарым-қатынас жасау үшін ең көп пайдаланатын байланыс арналары төмендегі суретте бейнеленген.



Сурет 5 2019-2024 ж. ЕО және Норвегияда банк қадағалаушылары мен аудиторлық ұйымдардың байланыс арналары

Ескерту [10] дереккөз бойынша автормен құрастырылған

Жоғарыдағы суреттен байқағанымыздай Еуропалық Одақ және Норвегияда банк секторын қадағалаушылар мен аудиторлық ұйымдардың арасындағы ақпараттарды алмасу барысындағы байланыс арналары ретінде 201-2024 жылдары ең жиі қолданылатыны яғни 54%-55%-ы ресми байланыс, кездесулер және т.б. қолданылды. Сондай-ақ ресми және бейресми коммуникациялардың үлесі 42%-43%-ды құраса, бейресми коммуникациялардың ішінде телефон қоныраулары және электронды почта арқылы байланыстардың үлесі 4%-2%-ға дейін кеміген [10].

Қадағалаушы орган мен сыртқы аудиторлық ұйымдар арасындағы үнемі ақпараттарды алмасу екі тарапқа да қызметтерін тиімді, нәтижелі іске асыруға септігін тигізеді [11].

Отандық нарықта сыртқы аудиторлық ұйымдар банктердің қадағалау үрдісіне әзірге қатыспайды, дегенімен олар ҚНРДА-мен әрекеттесулері бар оны төмендегі кестеден байқауға болады.

Кесте 1. 2020-2024 жж. ҚР-ның Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің сыртқы аудиторлармен әрекеттестігі

Жылдар	Әрекеттесу нысаны	Қысқаша мазмұны
2020 жыл	AQR дайындық кезеңі	ҚНДА банктерді активтерін бағалау үшін сыртқы аудиторлармен ынтымақтастықты бастады
2021 жылы	Тәуекелді бағалау әдістемесі әзірленді	Несиелік тәуекелді талдау және ішкі бақылау тәсілдерін бірлесіп әзірленді
2022ж жылы	AQR іске асырылды	Сыртқы аудиторлар 11 ірі банктің активтерін тәуелсіз бағалауға қатысты.
2023 жыл	SREP еңгізілуі	ICAAP / ILAAP капиталды және өтімділікті бағалаудың ішкі үрдістеріне өзінің жыл сайынғы тексеруінде бағалайды
2024 жыл	ESG және климаттық аудит	Аудиторлармен климаттық және ESG тәуекелдерді қадағалау тәжірибесіне интеграциялау бойынша жұмыстар басталды
автормен құрастырылған		

Дүниежүзілік банктің зерттеулері бойынша Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің (келесіде- ҚНРДА) «Базельдің тиімді банкін қадағалау» қағидаттарына сай келмейтін тұстарының бар екендігін атап өткеніндей, біздің тарапымыздан да ҚНРДА-ның тәуелсіздігі құқықтық кепілдендірілмегендігі аңғарылып, қаржылық қадағалау архитектурасындағы қайта құрылымдауы ұйымның міндеттерін атқаруға жағымсыз әсер ету ықтималдылығы анықталды. Аталмыш ықтималдылықты «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» ҚР-ның 2003 жылғы 4 шілдедегі №474-ІІ Занының 6-1, 6-2, 6-3 баптарына сай ҚНРДА-ның ұйымдық құрылымы мен жалпы штаттық кестесін ҚР Президентімен бекітілетіндігі және ҚР Перзидентіне бағынатындығымен байланыстырамыз. Базель Комитетінің тиімділік қағидатының 2-ші «Қадағалаушы орган басшылығының тәуелсіздігі, есептілігі,

ресурстық қамтамасыз етілуі және құқықтық қорғалуы» қағидасы толық сақталмаған. Яғни отандық нарықта заңнамалар ҚНРДА-і төрағасының бекітілуі мен өкілеттілігін тоқатату ҚР-ы Президентінің шешімімен іске асырылып, осы тұста Базельдің қағидаттары басшылыққа алмаған және ҚНРДА-ін қызметін қаржыландыру көзі мемлекеттік бюджет есебінен болғандықтан, оның қадағалау функциясын шектейді (мысалы, сыртқы транс шекаралық жұмыстарды орындау, сыртқы сарапшыларды жалдау, өзінің жеке жүйесін әзірлеу және қолдану т.б.). ҚНРДА-гі ЕО мелекеттеріндегідей қадағаланатын ұйымдардан алым түріндегі қаражат есебінен қаржыландыру арқылы қаржылай тәуелсіз болуы керек.

ҚНРДА-нің қаржы нарығын дамыту мандаты банктер мен банк жүйесінің қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі негізгі міндетіне қайшы келуі мүмкін. Қазіргі кезде банктердің несиелік қоржындарын кеңейтуді қолдауды қамтитын мандат тиімділіктің негізгі көрсеткіштері мен қауіпсіздігін қатамасыз ету қызметіне қайшы келуі мүмкін. Аталмыш қайшылықтар орын алмау үшін заңнамалық базаның көмегімен оның мақсаттары арасына иерархия құруы керек.

Несиелік тәуекелді төмендету мақсатында ҚНРДА-не проблемалық активтер мен резервтерге қатысты пруденциалдық нормативтерге өзгерістер енгізу және ХҚЕС 9 сай үшінші кезеңдегі проблемалық несиелер мен өндіріп алынған активтерді қосу арқылы стандартқа келтіріп, үмітсіз несиелерді есептен шығаруға қойылатын талаптарды енгізу қажет.

Отандық тәжірибеде банктердің төлем қабілетсіздігінің негізгі себебі банкпен байланысты тараптарды несиелендірумен байланысты, бұл уәкілетті органның келешекте осы мәселені басшылыққа ала отырып қадағалау мен реттеу әрекеттерін іске асыру қажет екендігін білдіреді. ҚНРДА-гі тәуекелге бағытталған қадағалауды жүргізу барысында байланысты тараптармен мәмілелер жасау тәжірибесін ашып көрсету үшін тақырыптық тексерулер, қадағалау әрекеттерін іске асырып отыруы қажет. Сонымен қатар, банктердің проблемалық активтерін еңшілес ұйымдарына беру (сату) үрдісі на-рықтық жағдайда жүзеге асыруды талап ететіндей заңнамаға түзетулер енгізу қажет. Яғни қазіргі кездегі құқықтық база бұл мәселені ескермегендіктен банктер пайдасын жасанды түрде жоғарылатып, жұмыс істемейтін активтердің қайталама нарығын тежеуде.

Банк секторын тәуекелге бағытталған реттеу мен қадағалауды одан әрі жетілдіру үшін Базель III стандартын енгізуді аяқтап, тежеуші шараларын жою қажет. ҚНРДА-нің дағдарыс кездеріндегі еңгізген шектеулерін алуы қажет, яғни шетелдік жүйелік маңызы бар банктер үшін капиталы мен өтімділігі, капитал буферлерінің мөлшерін ұлғайту қажет (2%-дан 2,5%) және банктердің тәуекел профиліне байланысты капитал мен өтімділіктің талаптарын (буфер) енгізу арқылы 2-ші компоненттің әдіснамасын толықтыру қажет.

Келесі кезекте шет мемлекеттер қадағалаушы органдарының сыртқы аудиторлармен ынтымақтастығы жоғары мемлекеттер қарастырыла отырып, оны төмендегі кестеде бейнеледік.

Кесте 2. 2025 жж. шет мемлекеттер тәжірибесінде қағалаушы органдардың сыртқы аудиторлармен ынтымақтастығы, мемлекеттер кескінінде

Мемлекеттер	Ынтымақтастық
Германия	Аудиторлар қанда да бір заң бұзушылықтарды, қаржылық орнықсыздық орын алған жағдайда уәкілетті органға хабарлауы тиіс

Франция	Қадағалаушы органмен тұрақты кездесулер мен бірлескен аудит жүргізеді
Австрия	Аудиторлар мен қадағалаушы органдар арасында ақпарат алмасады
Чехия	Қадағалау органдары аудиторлармен бірлесе отырып, банктің қаржылық жағдайы туралы ақпарат алмасады
Ұлыбритания	Банктердің тұрақтылығын бағалау үшін аудиторларық есептерді пайдаланады қадағалаушы орган
АҚШ	Аудиторлық ұйымдар ФРЖ-ге SEC талаптары шеңберінде ақпарат тапсырып, қадағалаушы органмен бірлесе жұмыс атқарады
Жапония	Сыртқы аудиторлар тәуекелдерді бағалауға және банктердің ішкі бақылауына қатысады
Швейцария	Қадағалаушы органның тапсырмасы бойынша аудиторлық ұйымдар қосымша тексерулер іске асырады

Ескерту [12] дереккөз бойынша автормен құрастырылған

Жоғарыдағы кестеден байқағанымыздай банк саласын қадағалаушы органдар мен сыртқы аудиторлық ұйымдардың банк саласын қадағалау барысындағы әрекеттесуі әр түрлі болғандарына қарамастан мүдделері бір, яғни ол банк секторындағы тәуекелдерді, дәрменсіздік сынды мәселелерді дер кезінде анықтаумен байланысты.

Келесі кезекте қадағалаушы органдар мен аудиторлық ұйымдар арасындағы ынтымақтастықтың іске асырылу бағытын нақты түрде төмендегі кестеде көрсетілген.

Кесте 3. 2025 жж. қадағалаушы органдар мен аудиторлық ұйымдар арасындағы ынтымақтастықтың іске асырылу бағыты

Мемлекет	Норматив	Сыртқы аудитордың мандаты	Тексеруге қатысу жиілігі	Қад.органға құжаттар тапсыруы	Қорт.есеп қашан беріледі	Қорытынды есепті пайдалануы (өзара әрекеттесуі)
Германия	KWG, Banking Act, PrüfungsV, Regulation on audits	Жылдық есептіліктің мін. аудиті, есепке алу/ішкі бақылау б/ша қорытынды, маңызды фактілер туралы қадағалауды дер кезінде хабарлауға міндетті	Жыл сайын, ad-hoc қосымша сұраулар салуы кезінде	Жылдық аудит, арнайы аудиторлық есеп	Аудит аяқталғаннан кейін тікелей реттеушіге, елеулі заң бұзылған кезде дереу хабарлауға міндетті	BaFin/ Bundesbank тұжырымдарды біріктіреді, пайдаланады
Ұлыбритания	FSMA (Білікті маман есептерін талап ету құқығы, заңмен бел	Уәкілетті орган банктерді олардың тәуекелін, өтімділігін, капиталын	Жыл сайын, сәйкессіздік жағдайында SREP жүргізеді	Аудиторлық қорытынды, басқару хаттары	Қадағалаушының талабы б/ша сыртқы аудитор	SREP, Pillar-2-ды түзету шаралары үшін қолданылады

	гіленген аудит талаптары)	толық тексеруге аудиторлық ұйымның қызметіне жүгінуге міндеттей алады			дайындайды және қадағалаушыға ұсынады	
АҚШ	Аудит нормалары (мем. банктерге арналған SOX, федер. реттеушілер: қадағалау режимі, аудит. қорытындылардың коммуникациясы б/ша	Жылдық есептіліктің мін. аудиті, тәуекелдео, өтімділік, капитал б/ша қорытынды қадағалау.органға хабарлауға міндетті	Жыл сайын, қосымша талап етілген кезде	Аудиторлық қорытынды, ішкі бақылау қызметі туралы есеп	Уәкілетті органның сұрауы бойынша және жыл сайын	Есептер қадағалау процесінде қолданылады
Канада	OSFI б/ша басшылық, негізгі аудиторлық талаптар, аудиттің міндетті режимі	Қадағалауға орган талабы б/ша есептілікті тереңірек зерделеуге жауапты.				
Ішкі бақылау жүйесі, өтімділік, реттеуші көрсеткіштерб/ша қорытынды беруге міндетті.	Жыл сайын, 2025 жылдан бастап отандық жүйе құраушы банктерді қатаң түрде	Сыртқы аудитор капиталдың, қаразы капиталдың табыстылығы, өтімділік жайлы, ISAE нысанындағы есепті және міндетті аудиторлық есеп қорытындысын	OSFI белгілеген мерзімде, арнайы сұрақтар бойынша есепті 90 күн ішінде тапсыру қажет	Реттеушілік мәліметтерді растау үшін, SREP тәрізді бағалауларды және қажеттілікті анықтау үшін пайланады		
Франция	Аудитке қойылатын талаптар, ACPR б/ша нұсқаулықтар	Аудиторлар ішкі бақылау және тәуекелдер туралы қорытынды береді	Жыл сайын, проблемалы банктерді тексеру барысында қадағалаушы талабы б/ша	Аудиторлық қорытынды есеп, ICFI бойынша қорытындылар және тақырыптар б/ша арнайы есептер	Қадағалаушы органға және банкке аудиторлық ұйымның есебі аудиторлық тексеріс аяқталған уақытта жіберіледі	Қадағалаушы SREP, стресс-тестілеу кезінде қорытынды есепті ескереді және ұйғарымдар б/ша шешім қабылдау кезінде қолданады

Жапония	Banking Act және соған байланысты ережелер	Сыртқы аудиторлар қадағалаушы қызметінің бір бөлігін орындаушысы	Жыл сайын, сұраныс бойынша	Жылдық аудиторлық есеп, ішкі бақылау қорытындылары, тақырыптық аудиторлық құжаттар	Белгіленген тәртіппен беріледі, қадағалаушы орган қосымша ақпараттар сұрата алады	Қадағалау үрдісінде топтың тәуекелдерін бағалауда қолданылады, тәжірибені жетілдіруде
---------	--	--	----------------------------	--	---	---

Ескерту [12] дереккөз бойынша автормен құрастырылған

Банк саласын қадағалаудың жақсаруы тәуекелдерді бағалауға негізделген қадағалауды күшейту, соның ішінде стресс-тест жүргізу және активтердің сапасын тексеру арқылы айтарлықтай жақсартылып, қадағалау мен сараптама процесі жыл сайын толықтырылып, жетілдірілуде.

Банк секторындағы жүйелік тәуекелдердің алдын алу үшін уәкілетті ұйымға тиімді шоғырландырылған қадағалауды жүйесін құру қажет. Қазіргі кезде тәуекелдерді басқару және өтімділік талаптары сияқты негізгі пруденциалдық талаптар жеке деңгейде қолданылып, банктік топтар үшін тәуекелді басқару талаптары белгіленбеген және бұл өз кезегінде шоғырландырылған қадағалауды жүзеге асыруға кедергі келтіреді.

Бүгінгі күні банк қызметіне қатысты заңнамаларда «бенефициар меншік иесі мен» «түпкілікті бенефициар меншік иесі» атты анықтамалар мүлде жоқ. Бұл лицензиялауға, бақылауды өзгертуге және сатып алуға қатысты заңдар мен ережелерде заңды тұлғаны бақылауға қатысты анықтама берілсе, банк заңнамасында бенефициарлық меншік иесі мен түпкілікті бенефициарлық меншік иесі туралы анықтама жоқ. Осы тұжырымдама банктерді бақылауды түсіну үшін және Базельдің негізгі қағидаттары сияқты халықаралық стандарттарда маңызды орын алатындықтан тікелей банк заңнамасына тікелей сілтеме немесе анықтама беру пайдалы болар еді. Бенефициарлық меншікті иелік ету ашық түрде іске асыру несиелік операциялар бойынша тараптардың байланысын қадағалауды күшейтер еді.

Мемлекеттік ресурстарды пайдаланудың шарттарын қатаңдата отырып, төлемге қабілетсіз банктерді сауықтыруда мемлекеттің қатысуының нысандары мен механизмдерін нақтылау үшін құқықтық базаға өзгерістер енгізу.

Қорытынды

Банктердің ішкі бақылау жүйесі тәуекелдерді басқаруда және банктердегі ақпараттық технологиялар банктердің қызметінің үздіксіздігі мен тәуекел профилін бағалауда маңызды ақпарат көзі болып табылады. Жалпы ЕДБ-ді аудит жүргізу барысында аудиторлық ұйымдар қадағалаушы органдардың күмән туғызуы ықтимал аумақтарын қосымша анықтай алады. Сондай-ақ келешекте аудиторлық ұйымдар мен қадағалаушы орган арасында өзара ынтымақтастықтың орнауы қадағалаушы органның қадағалау

ресурстарының тиімділігін арттыруға және банк секторының қаржылық орнықтылығы мен тәуекелдеріне ерте ден қоюға септігін тигізер еді.

Қазіргі таңда отандық банк секторын тәуекелге бағытталған реттеу мен қадағалау барысында келесідей мәселелер орын алуда:

1) банк секторындағы активтердің бірнеше ірі банктерге шоғырлануы, бұл өз кезегінде жүйелік тәуекелдерін ұлғайтады;

2) ЕДБ-дің тәуекел бейіні мен тәуекелдерін анықтаудағы мәселелер;

3) Қадағалаушы органдардың талдау мүмкіндіктері мен ресурстарының шектеулігі;

4) ЕДБ-гі корпоративтік басқару деңгейінің төмендігі;

5) қадағалау барысында қадағалаудың тиімділігін арттыру мақсатында аудиторлық ұйымдар мен уәкілетті орган арасындағы өзара әрекеттестіктердің болмауы.

Сонымен, жоғарыдағы мәселелерді басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасында ЕДБ-ді тәуекелге бағытталған реттеу мен қадағалау барысында келесілерді жетілдіру қажет:

1) Отандық банк саласында банктерді тәуекелге бағдарланған қадағалау мен реттеу барысында шет мемлекеттердегідей аудиторлық ұйымдардың қорытындыларын біртіндеп қолдануды қолға алу қажет;

2) Аудиторлық ұйымдар тәуелсіз ұйым болғанына қарамастан, олардың қоғам алдындағы және тұтынушылардың алдындағы жауаптылығын ескере отырып, аудиторлық ұйым кез-келген ЕДБ-ді тексеру барысында толыққанды зерттей отырып, банктің қаржылық тұрақтылығы немесе дәрменсіздігі жайлы қорытынды есебімен қоса банктердің қызметіндегі тәуекелдердің профилін де анықтай білуі қажет; тексеру нәтижесі бойынша жоғары тәуекел анықталған жағдайда уәкілетті органға хабарлау тәжірибесін елімізде қолдану қажет;

3) Жалпы отандық нарықта қадағалаушы орган өзінің қадағалау ресурстарын тиімді пайдалану үшін аудиторлық ұйымдардың жыл сайынғы есептілігін қолдануы тиімдірек болар еді;

4) Аудиторлық ұйымдардың ақпараттарына немесе есептіліктеріне қол жетімділікті ақпараттық технологиялардың түрлі каналдары арқылы қамтамасыз ету қажет;

5) Аудиторлық ұйымдар ЕДБ-ді тексеру барысында банктің бизнес моделіне, тәуекел профиліне, ішкі басқару жүйесіне, өтімділігіне, банк жұмысының үздіксіздігіне, банк басшылығының жұмысына немесе заңға қайшы әрекеттеріне байланысты күмәнді ситуациялар орын алған жағдайды қадағалаушы органды хабардар етуі тиіс.

Алғыс айту, мүдделер қатығысы. Бұл зерттеудің авторлары мүдделер қақтығысына тап болмады.

Авторлардың қосқан үлесі.

Бузаубаева П.Н. – зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми мақалалар мен заңнамаларды қарастырып, авторлардың жинақтаған қосымша мәліметтерін басшылыққа ала отырып, зерттеуді қорытындылады.

Кантороева Г.К. – зерттеу тақырыбы бойынша бүгінгі күні туындап отырған мәселелерді айқындап, ұсыныстарды әзірледі.

Рахимжанова К.К. – банк саласын тәуекелге бағытталған реттеу мен қадағалаудағы өзге ұйымдардың маңыздылығын қарастыра отырып, шет мемлекеттердің тәжірибесін қарастырып өтті.

Әдебиеттер тізімі

1. Маргацкая Г.С., Селезнёва И.В., Маргацкий Р.В., Мухамедьярова-Левина Т.Т. Қазақстандағы коммерциялық банктердің тәуекелдерді басқару жүйелерін дамыту // Тұран университетінің хабаршысы. – 2019. – № 4. – Б. 140–143.
2. Kim S. Банктік қадағалаудың Базель III жаңа стандартын енгізуі және оның банктік басқару жүйесіне әсері // ҚазҰУ хабаршысы. Экономика сериясы. – 2016. – № 1. – Б. 107. [Электрон. ресурс]. – URL: <https://be.kaznu.kz/index.php/math/article/view/911> (қаралған күні: 01.09.2024).
3. Абжалелова Ш.Р., Челекбай А.Д. Қазақстан экономикасының цифрландыру жағдайында банк секторының модернизациясы // Qainar Journal of Social Science. – 2023. – Т. 2, № 2. – Б. 45–60.
4. Тюлюпов Е., Назар У., Аубакирова А. Терроризмді қаржыландырудан түскен табысты жылыстатудағы тәуекелдер және жаһандық қатерлерден қорғау // ҚЭУ жаршысы: Экономика, философия. – 2022. – № 1. – Б. 51.
5. Дубова С.Е., Кутузова А.С. Развитие рискоориентированных подходов в банковском регулировании и надзоре: монография. – 2-бас., стереотип. – Мәскеу: Флинта, 2013. – 31 б. [Электрон. ресурс]. (қолжетімді болған күні: 04.09.2024).
6. Dewing I., Russell P. Auditors as Regulatory Actors: The Role of Auditors in Banking Regulation in Switzerland // European Accounting Review. – 2012. – Vol. 21. – P. 1–28. DOI: <https://doi.org/10.1080/09638180.2010.522776> (қаралған күні: 05.09.2024).
7. Ojo M. The Role of External Auditors and International Accounting Bodies in Financial Regulation and Supervision. – 2006. – № 2. – P. 13. DOI: <https://doi.org/10.2139/SSRN.1407225> (қаралған күні: 06.09.2024).
8. Balakrishnan K. et al. Economic consequences of mandatory auditor reporting to bank regulators // Journal of Accounting and Economics. – 2021. – Т. 72. – №. 2-3. – С. 101431. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.jacceco.2021.101431> (қаралған күні: 07.09.2024).
9. Singh A. Analysis of the Recent Developments in Corporate Law: Implications for Private Companies // LawFoyer Int'l J. Doctrinal Legal Rsch. – 2024. – Т. 2. – С. 163.
10. Ajibo K. I. Risk-based regulation: The future of Nigerian banking industry // International Journal of Law and Management. – 2015. – Т. 57. – №. 3. – С. 201-216.
11. Center for Financial Reporting Reform. World Bank Group. Enhancing cooperation between auditors and supervisors: a building block approach. – 2019. [Электрон. ресурс]. – URL: <https://cfr.worldbank.org/publications/enhancing-cooperation-between-auditors-and-supervisors-building-block-approach> (қаралған күні: 20.07.2025).
12. Black J., Baldwin R. Really responsive risk-based regulation // Law & policy. – 2010. – Т. 32. – №. 2. – С. 181-213.

П.Н. Бузаубаева^{*1}, Г.К. Кантороева², К.К. Рахимжанова³

^{1,3}Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, г. Астана, Казахстан

²Международный университет им.К.Ш. Токтомаматова, Бишкек, Кыргызстан

Проблемы и приоритеты совершенствования риск-ориентированного регулирования и надзора за банковским сектором

Аннотация. Темпы развития банковской системы являются значимыми для любого государства. Это объясняется тем, что в настоящее время банки выступают в качестве ключевого драйвера финансирования экономики. В свою очередь, финансовая нестабильность или несостоятельность банка приводит к дестабилизации банковской системы государства и подрыву доверия потребителей к банковскому сектору. Поэтому, чтобы не допустить утраты финансовой стабильности банковского сектора и сохранить доверие потребителей к рынку, уполномоченный орган в банковской сфере постоянно выявляет и реализует меры профилактики деятельности банков второго уровня с высоким уровнем риска посредством риск-ориентированных методов регулирования и надзора.

В данной статье авторами выявлены проблемы, возникающие в процессе риск-ориентированного регулирования и надзора за банками второго уровня в Республике Казахстан. Рассмотрены такие тенденции, как использование отчетности аудиторских организаций при регулировании и надзоре банков в различных государствах, а также взаимодействие надзорных органов и аудиторских организаций. Учтены моменты, которые могут быть применены в отечественной практике. Также даны рекомендации по совершенствованию риск-ориентированного регулирования и надзора.

Предложенные авторами рекомендации на основе проведенного анализа позволяют отечественному надзорному органу принимать более эффективные меры в ходе надзора за банками второго уровня.

Ключевые слова: риск-ориентированное регулирование и надзор, банковская система, банки второго уровня, внешние аудиторские организации, надзорный орган, рамки проверки, мотивированное суждение.

P.N. Buzaubayeva^{*1}, G.K. Kantoroeva², K.K. Rakhimzhanova³

^{1,3}L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

²Toktomamatov International University, Bishkek, Kyrgyzstan

Problems and priorities of improving risk-based regulation and supervision of the banking sector

Abstract. The pace of development of the banking system is significant for any state. This is because currently the banker is an initiative driver of financing the economy. In turn, financial instability or insolvency of the bank as a whole leads to instability of the banking system of this state and consumer distrust of the banking sector. Therefore, in order not to lose the financial stability of the banking sector and consumer confidence in the market, preventive measures for second-tier banks with high risk are constantly being identified and implemented by the authorized body in the banking sector, in turn,

through risk-oriented regulatory and supervisory measures. In this article, the authors identify problems arising in the course of risk-based regulation and supervision of second-tier banks in the Republic of Kazakhstan, consider trends such as the experience of applying the reporting of audit organizations in the regulation and supervision of banks in various states, the interaction of supervisory authorities and audit organizations, take into account the points that can be taken into account in the domestic In practice, recommendations are given to improve risk-based regulation and supervision. The authors' recommendations based on the analysis allow the domestic supervisory authority to take appropriate measures during the supervision of STB.

Keywords: risk-based regulation and supervision, banking system, second-tier banks, external audit organizations, supervisory authorities, verification framework, reasoned judgment.

References

1. Margatskaya G.S., Selezneva I.V., Margatskii R.V., Mukhamediarova-Levina T.T. Qazaqstandagy kommertsialyq bankterdin tauyekelderdi basqaru zhuilerin damytu [Development of risk management systems of commercial banks in Kazakhstan] Turan universitetinin khabarshysy [Bulletin of Turan University]. 4. 140–143 (2019). [in Kazakh].
2. Kim S. Banktik qadagalaugynyn Basel' III zhana standartyn engizui zhane onyn banktik basqaru zhuiesine aseri [Implementation of new banking supervision standards – Basel III and its impact on the banking management system] QazNU khabarshysy. Ekonomika seriyasy [KazNU Bulletin. Economic Series]. 1. 107 (2016). Available at: <https://be.kaznu.kz/index.php/math/article/view/911> (accessed 01.09.2024). [in Kazakh].
3. Abzhalelova Sh.R., Chelekbai A.D. Qazaqstan ekonomikasynyn tsifrlandyru zhagdaında bank sektorinyn modernizatsiyasy [Modernization of the banking sector in the context of digitalization of Kazakhstan's economy] Qainar Journal of Social Science. 2(2). 45–60 (2023). [in Kazakh].
4. Tiuliupov E., Nazar U., Aubakirova A. Terrorizmadi qarzhylandyru dan tusken tabysty zhylystatudagy tauyekelder zhane zhahandyq qaterlerden qorgau [Risks in laundering proceeds from terrorism financing and protection against global threats] QEU zharnamasy: Ekonomika, filosofiya [KEU Bulletin: Economics, Philosophy]. 1. 51 (2022). [in Kazakh].
5. Dubova S.E., Kutuzova A.S. Razvitie riskorientirovannyh podhodov v bankovskom regulirovanii i nadzore: monografiya [Development of risk-based approaches in banking regulation and supervision: monograph] (Moscow: Flinta, 2013, 31 p.) [in Russian].
6. Dewing I., Russell P. Auditors as Regulatory Actors: The Role of Auditors in Banking Regulation in Switzerland [Auditors as Regulatory Actors: The Role of Auditors in Banking Regulation in Switzerland] European Accounting Review. 21. 1–28 (2012). <https://doi.org/10.1080/09638180.2010.522776> (accessed 05.09.2024).
7. Ojo M. The role of external auditors and international accounting bodies in financial regulation and supervision SSRN Electronic Journal. 2. 13 (2006). <https://doi.org/10.2139/SSRN.1407225> (accessed 06.09.2024).
8. Balakrishnan K., George E., Ertan A., Scobie H. Ekonomicheskie posledstviya obyazatel'noi otchetnosti auditorov pered bankovskimi regulyatorami [Economic consequences of mandatory auditor reporting to bank regulators] Journal of Accounting and Economics. 72(2–3). 101431 (2021). <https://doi.org/10.1016/j.jacceco.2021.101431> (accessed 07.09.2024).

9. Singh A. Analysis of the recent developments in corporate law: implications for private companies LawFoyer Int'l Journal of Doctrinal Legal Research. 2. 163 (2024).
10. Ajibo K.I. Risk-based regulation: the future of Nigerian banking industry International Journal of Law and Management. 57(3). 201–216 (2015).
11. Center for Financial Reporting Reform. World Bank Group. Enhancing cooperation between auditors and supervisors: a building block approach (2019). Available at: <https://cfr.worldbank.org/publications/enhancing-cooperation-between-auditors-and-supervisors-building-block-approach> (accessed 20.07.2025).
12. Black J., Baldwin R. Really responsive risk-based regulation Law & Policy. 32(2). 181–213 (2010).

Авторлар туралы мәлімет:

Бузаубаева П.Н. – негізгі автор, «Қаржы және бизнес» мамандығының докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Кажимукана көшесі 11, Астана қ., және «Bolashaq» академиясының аға оқытушысы, 100000-100030, Қарағанды қ. Қазақстан Республикасы.

Кантороева Г.К. – э.ғ.д., профессор, К.Ш.Токтомаматов атындағы Халықаралық университеті, «экономика және қаржы» кафедрасының профессоры, 720028, Бишкек қ., Қырғызстан.

Рахимжанова К.К. – PhD доктор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 010000-800112, Астана қ. Сәтбаев көшесі 2а, Қазақстан Республикасы.

Бузаубаева П.Н. – основной автор, докторант по специальности «Финансы и бизнес», Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, старший преподаватель Академии «Bolashaq», 100000-100030, г. Караганда, Казахстан.

Кантороева Г.К. – д.э.н., профессор кафедры «Экономика и финансы» Международного университета им. К. Ш. Токтомаматова, 720028, г. Бишкек, Кыргызстан.

Рахимжанова К.К. – доктор философии (PhD), Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 010000-800112, г. Астана, ул. Сатпаева, 2а, Республика Казахстан.

Buzaubayeva P.N. – The main author, Ph.D. student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, senior lecturer at «Bolashaq» Academy, 100000-100030, Karaganda, Kazakhstan

Kantoroeva G.K. – Doctor of Economics, Professor, Department of Economics and Finance, K.Sh. Toktomamatov International University, 720028, Bishkek, Kyrgyzstan

Rahimzhanova K.K. – PhD, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 010000-800112, 2a Satpayev St., Astana, Republic of Kazakhstan



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).